С каждым годом количество коммерческих юридических лиц, филиалов и представительств в Акмолинской области увеличивается, что является свидетельством экономической активности населения. Одним из важных вопросов остается изменение руководителя юридического лица. Изменения руководителя вносятся автоматически на основании электронного уведомления. Для этого необходимо авторизоваться с использованием ЭЦП ключа юридического лица на портале egov.kz, затем перейти в раздел: бизнес → регистрация и развитие бизнеса → регистрация и ликвидация бизнеса → уведомление об изменении руководителя → заказать услугу онлайн → выбрать одну из следующих подуслуг: 1) назначение руководителя юридического лица

за исключением государственного учреждения (либо и.о. руководителя, назначенного (избранного) уполномоченным органом юридического лица); 2) назначение руководителя филиала (представительства) (либо и.о. руководителя филиала (представительства), назначенного (избранного) уполномоченным органом юридического лица); 3) назначение и.о. руководителя юридического лица, филиала, представительства, замещающего руководителя на время его отсутствия. После этого необходимо заполнить все обязательные поля и подписать заявку с использованием ЭЦП юридического лица. Результат и сформированный электронный документ можно просмотреть в личном кабинете, раздел «история получения услуг».

Коммуналдық қызмет көрсету шартын онлайн режимінде жасауға болады

Енді жылжымайтын мүлік иелеріне коммуналдық қызметтерді алу мақсатында шарт жасау үшін коммуналдық мекемелерге барудың қажеті жоқ. Оларға жылжымайтын мүлікті тіркеу кезінде шартты автоматты түрде жасау туралы SMS-хабарлама келетін болады. Пилоттық жоба Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында, сондай-ақ Жетісу облысында іске асырылды. Айта кетейік,

бұған дейін бұл қызмет Астана мен Алматыда жүзеге асырылған болатын. Бұл қалаларда сервис енгізілгеннен күннен бастап жүз мыңнан астам онлайн шарттар жасалды. «Мемлекеттік корпорация өзгерістер драйвері ретінде Invisible Government жолында технологиялық және клиентке бағдарланған сервистерді қалыптастыруда. «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесінің әкімдіктің

Жалманқұлақ ауылдық округінің бюджеті	1 412,3
Қосымша ақшалай төлемдерге	697,0
Ауыл әкімінің қызметін қамтамасыз етуге	0,0
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа	268,8
Көлік және коммуникацияға	446,5

На жилищно-коммунальное хозяйство	2 720,0
На транспорт и коммуникации	2 618,0
Бюджет Жалманқұлақского сельского округа	1 412,3
На дополнительные денежные выплаты	697,0
На обеспечение деятельности акима села	0,0
На жилищно-коммунальное хозяйство	268,8
На транспорт и коммуникации	446,5

окончание. начало в №25,26,27

Мемлекеттік қызмет

Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру

Егіндікөл ауданының мемлекеттік архиві жұмысындағы негізгі қызмет түрлерінің бірі «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсетілетін қызметті алушылардың заңды мүдделерін қанағаттандыру болып табылады. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 159 бұйрығымен бекітілген архив ісі саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету, мемлекеттік архив қызметкерлеріне мемлекеттік қызмет көрсету кезінде басшылыққа арналған негізгі құжат Ереже болып табылады.

Жоғарыда аталған Бұйрықпен бекітілген «Архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетудің үш тәсілі бар:

1. Қызмет көрсетушінің кеңсесі.
2. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» комерциялық емес акционерлік қоғамы;
3. www.egov.kz электрондық үкімет веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – әлеуметтік құқықтық сипаттағы мәліметтерді растайтын архивтік анықтама, архивтік құжаттың көшірмесі немесе архивтік үзінді көшірме, сондай-ақ сұратылған құжаттардың (мәліметтердің) мемлекеттік сақтауда жоқтығы туралы жауаптар, басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке сұрау салуды, қағаз/электрондық нысанда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы көрсетілетін қызметті берушінің дәлелді жауапты жолдауы. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:


1. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;
2. Көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 19-1 бабының белгіленген талаптарына сәйкес келмеуі; Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына және оларды электронды форматқа көшіруге ерекше назар аударылады, өйткені бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызды аспектісі болып табылады және азаматтардың мемлекеттік органдар қызметіне деген сенімін арттыруға көмектеседі.

Егіндікөл ауданының мемлекеттік архиві халықты мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпараттандыру мақсатында, электрондық үкімет порталы және мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және алудың артықшылықтарын арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Тоқсан сайын аудандық газет беттерінде электронды үкімет порталы мен мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметтерді алудың тиімді тұстарын халыққа жеткізу мақсатында мақалалар жарияланып тұрады.

Мемлекеттік архив барлық қажетті оргтехникамен жабдықталған «Өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы»

жұмыс істейді, онда біздің мамандар портал арқылы өтініш берушілерге өтініш беруде практикалық көмек көрсетеді және мемлекеттік қызметті электронды форматта көрсетудің артықшылықтары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Өйткені, электронды өтініштердің ыңғайлылығы анық – талапкерлердің материалдық шығыны азайды, жұмыс күндері де, демалыс және мереке күндері де

олардың электрондық көшірмелері қоса беріледі. Көрсетілетін қызметті алушының «Жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алатын күні, уақыты мен орны көрсетілген хабарлама жолданады. Порталда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының



тәуліктің кез келген уақытында өтініш беруге болады. Жалпы, есепті кезеңде мемлекеттік қызмет еңбек өтілі, еңбекақы, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аудару мәселелері бойынша, жергілікті атқарушы органдардың ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді және тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру туралы шешімдері мен қаулылары, тұрғылықты жері және отбасы құрамы, кәсіптік-техникалық училищелердегі білім туралы, нотариаттық іс-әрекеттер және т.б бойынша көрсетілді.

Жоғарыда айтылғандай, азаматтардың құжаттарын қабылдау «электрондық үкімет» веб-порталы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі және мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан азаматтары бұл үшін кез келген электронды құрылғыны пайдалана отырып, архивтік анықтамаға тапсырыс бере алады: дербес компьютер, телефон немесе планшет интернетке қосылу мүмкіндігі болуы қажет. Ол үшін порталға кіріп, өтінішті толтырып, электрондық цифрлық қолтаңбамен немесе SMS пароль арқылы қол қою керек. Өтінішке сенім білдірілген адамның өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмелерін қоса беру қажет. Жеке кабинетіңізде қызмет алу тарихы бөлімінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесімен танысыңыз.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы түскен өтінішті кеңсе қызметкері 1 жұмыс күні ішінде жауапты орындаушыға береді (сағат 17.30-дан кейін түскен жағдайда, өтініш келесі жұмыс күні тіркеледі). Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Жауапты орындаушы 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде құжаттарды қарастырады (зерделейді) және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін дайындайды. Жауапты орындаушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жіберуге дайындайды. www.egov.kz порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ – сымен немесе бір реттік паролін енгізу көмегімен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу. Сұратылатын мәліметтерді растайтын құжаттар бар болған жағдайда, өтінішке

электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «Жеке кабинетіне» жолданады. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 11 жұмыс күнін құрайды. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін 5 жылдан астам мерзімге құжаттарды зерделеу немесе екі немесе одан да көп ұйымды қарау қажет болған жағдайда, сұрау салуды орындау мерзімі 25 жұмыс күнінен аспайтын уақытқа ұзартылады, оның ішінде қызмет алушы 3 жұмыс күні ішінде хабарлама алады. Архивте сақталатын құжаттар (мәліметтер) болмаған жағдайда жауапты орындаушы өтінішті алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде сақтауда сұратылған мәліметтердің жоқтығы туралы жауап дайындайды. «Архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді беру» мемлекеттік қызметі тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) келіспеушілік болған жағдайда қызметті берушінің басшылығына қызметті берушінің интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайларға: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің www.msm.gov.kz «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлігіне немесе Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Архив істері және құжаттаманы басқару комитеті басшысының атына жолданады: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, «Министрлік үйі» ғимараты, № 15 кіреберіс. Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы беріледі.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті тікелей көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. «Е-өтініш» ақпараттық жүйелері және басқа да жүйелер арқылы «Архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді беру» мемлекеттік қызметі халыққа көрсетілмейтіндігін атап өткен жөн. Архив қызметкерлері «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы өтініш берушілерден өтініштер түскен кезде «Архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сілтеме жасай отырып, түсіндірме хатпен жауап береді, жоғарыда аталған әдістермен осы мемлекеттік қызметке жүгінуді ұсынады.

«Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін алу үшін барлық сұрақтар бойынша ауданның мемлекеттік архивіне мына мекенжайға хабарласуыңызға болады: Егіндікөл ауылы, Жеңіс көшесі 2/1 немесе 2-14-31 телефоны арқылы.

Егіндікөл ауданының мемлекеттік архиві

Шариғатта рұқсат етілген екінші қалыңдықтың заманауи өмірдегі шындық бейнесі

Ислам дінінде шариғатымыз бойынша рұқсат етілген екінші, үшінші әйел алу деген бар болғанымен, ең бірінші бұл шешімді пайғамбарымыз жауапсыз еркектерге жүктемей, әділ, жауапты бола алатын ер адамдарға айтқан. Қазіргі шүкіршілік заманда тіршілік едәуір ұлғайған уақытта, әйел адамдардың жесір, жалғызбасты көп балалы болған жағдайдың өзінде ешкімге мұқтаждық етпей, еңбектеніп, тәуір тіршілік етіп жатқандары да бар. Бірақ біршама ер азаматтарымыз асыл дініміздің шариғаты бойынша екінші әйелді қамқорлығына алғанымен, теріс қылықтары күннен-күнге өршіп бара жатыр. Алла алдында алған аманатына қиянат жасап, жан-жағына қарай бастап, нағыз әйеліне, балаларына керек кезінде, қайырымдылығын көрсетер кезде көбіне сатқындық жасап, көңілін ауыстырады, оған қоса жауапкершілігі төмен болғандықтан, шариғатты шала білсе де, қос-қостан әйел алу бар деген ой маза бермей, екіншіге жол тартып, бірінші отбасынан – берекетінен қалай айырылғанын да білмей қалады.

Шариғатта екеуін әділдікпен ұстай алмасаң, біреуімен ғана шектел делінген, ешбір әйел мен тұрмысқа жолдасыммен бөлісемін деп шықпайды, басынан білгенде көп әйелдердің мұндай ер адамға тұрмысқа шығуы да екіталай болар еді. Көбіне ішкі бағасын төмен түсірген, өзінің материалдық жағдайы үшін, жалғыздыққа төзе алмайтын, алдағы өмірден қорқатын әйелдер келісіп жатады және оның ішінде құнсыз уақытша сезімге беріліп жататындар да аз емес. Әрине, ол сезімнің ұзақтығына ешкім кепіл



бере алмайды.

Статистика бойынша отбасының бұзылу себептері көбіне ер адамдардың ішуі, ұру –соғу, боқтау, жүріс жасау, еңбек етпеу, теріс дін ағымдарына кетуі, қызғаншақ ежелердің араласуы мен психологиялық жағдайына байланысты болып жатады.

Бірақ қазіргі таңда бірнеше әйелмен толыққанды отбасы құрып, әділдік көрсетіп жүрген ер азаматтар да жоқ емес. Бірақ ол жерде кім бақытты? (Бұндай үштікте ер адамнан басқа толыққанды ешкім бақытты емес).

Жиі үйленіп, жиі ажырасып, Алланың ұнатпайтын жағымсыз ісінің бірі талақты ұран қылып, әйел адамды зат ретінде сыйға ұсынатын адасқандар да жетерлік.

Олардың отбасылық өмірі, осындай жауапсыз ер жандардан кейінгі әйелдер мен балалардың күйі санасыз ер адамдарды елең еткізбейді. Мұндай санасыз еркектер отбасын, балаларын толыққанды қамтамасыз етпеуі, немесе балалар тәрбиесіне мүлдем ортақ араласпауы, ауызбіршілікке келмеуі, ұрып –соғуы, кемшілік іздеуі, теріс ағымға еніп, түгел отбасын тығырыққа тығады.

Еліміз ажырасу жағынан жоғары орынға шығып бара жатыр деп дабыл қаққанша, жастарға отбасылық құндылықтар туралы тәрбие сабақтар, тренингтер өткізу арқылы жауапкершілікке тәрбиелеуге болады.

Ағаларымыз дін бойынша төрт әйел алып, сауап алып жатыр ма? Әлде ұзақ мерзім бірге тұрмай, қателік – күнә алып жатыр ма? Осындай шырмауыққа түспей, бір әйелмен жақсы болып, балаларды бауырыңа ұстап, әйел, бала шағаңның жан дүниесін бұзбай, қамын ойлап, басқа мұқтаждарға сырттай көмек жасап, тыныш өмір сүруге болмай ма? Сопақ қыламын деп опак қылмай, әріден ойлап, түбін ойлау абзал болар. Кез келген әйел адам жеміс беретін бақшаға тән, сол бақшаның жауапты, саналы бағбаны болу ер адамның қолында, құлпыртып жемісін көру өзінің еңбегінде.

С.Акажанова,

Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ кеңес беру-оңалту бөлімінің психологы

Ветеринария саласындағы жеке заңды тұлғаларды міндеттері

«Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңының 25-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарымен белгіленген жануарлар ауруларының алдын алуды және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерді сақтай отырып, ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыруға; 3) аумақты, мал шаруашылығы қора-жайларын, сондай-ақ жем-шөпті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған ғимараттарды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге; 4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық

(ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтауға; 5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге;

6) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған тәл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені; жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға;

7) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина егуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге;

9) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға орны ауыстырылатын

(тасымалданатын) объектілерді ветеринариялық тексеру үшін кедергісіз беруге;

10) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың актілерін орындауға;

11) союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей жануарларды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеуге; 11-1) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында) союды жүзеге асыруға;

12) ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу бойынша қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға жәрдем көрсетуге;

12-1) жануарларды карантиндеуді жүргізуге; Ветеринария саласындағы міндеттемелер сақталмаған жағдайда жеке және заңды тұлғалар ҚР ӨҚБТҚ-нің 406-бабына сәйкес әкімшілік жаза түрінде жауапкершілікке тартылады.

ҚР АШМ ВБЖҚ Егіндікөл ААИ

Обязанности физических и юридических лиц в области ветеринарии

Согласно ст.25 Закона «О ветеринарии» физические и юридические лица обязаны:

1) осуществлять ветеринарные и административно-хозяйственные мероприятия с соблюдением ветеринарных правил, установленных законодательством Республики Казахстан в области ветеринарии, обеспечивающих предупреждение болезней животных и безопасность перемещаемых объектов; 3) содержать территорию, животноводческие помещения, а также сооружения для хранения и переработки кормов, продукции и сырья животного происхождения в соответствии с ветеринарно-санитарными правилами и ветеринарными нормативами, не допускать загрязнения окружающей среды;

4) соблюдать зоогигиенические и ветеринарные (ветеринарно-санитарные) требования при размещении, строительстве, реконструкции и вводе в эксплуатацию объектов государственного ветеринарно-санитарного контроля и надзора, связанных с содержанием, разведением, использованием, производством, заготовкой (убоем), хранением, переработкой и реализацией, а также при транспортировке (перемещении) перемещаемых (перевозимых) объектов; 5) обеспечивать идентификацию сельскохозяйственных животных;

6) извещать подразделения местных исполнительных органов, осуществляющих деятельность в области ветеринарии, государственные



ветеринарные организации, созданные местными исполнительными органами, органы государственного ветеринарно-санитарного контроля и надзора о: вновь приобретенном (приобретенных) животном (животных), полученном приплоде, его (их) убое и реализации;

случаях падежа, одновременного заболевания нескольких животных или об их необычном поведении и до прибытия специалистов в области ветеринарии, государственных ветеринарно-санитарных инспекторов принять меры к изолированному содержанию животных при подозрении в заболевании; 7) обеспечивать своевременную вакцинацию и диагностику своих животных для обеспечения ветеринарно-санитарной безопасности;

9) беспрепятственно предоставлять государственным ветеринарным инспекторам для ветеринарного осмотра перемещаемые (перевозимые) объекты; 10) выполнять акты государственных ветеринарно-санитарных инспекторов;

11) не допускать убою животных для реализации без предубойного ветеринарного их осмотра и послеубойной ветеринарно-санитарной экспертизы туш и органов;

11-1) осуществлять проведение убою сельскохозяйственных животных, предназначенных для последующей реализации, на мясоперерабатывающих предприятиях, убойных пунктах или убойных площадках (площадках по убою сельскохозяйственных животных)

12) оказывать содействие специалистам в области ветеринарии при выполнении ими служебных обязанностей по проведению ветеринарных мероприятий;

12-1) проводить карантинирование животных. При не соблюдении обязанностей в области ветеринарии физические и юридические лица несут ответственность согласно КоАП РК ст. 406 в виде административного штрафа.

Егіндыкольская РТИ КВКИН МСХ РК

Егіндікөлдің құрылыс нысандарында

Жөндеу жұмыстары жалғасуда



барысында берген тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында Егіндікөл ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебіне күрделі жөндеу жұмыстары 2023-2024 оқу жылы аяқталысымен басталып кетті. Тапсырыс беруші: «Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі» ММ. Тарихы ертеден тамыр тартқан мектептің алғашқы іргетасы 1976-жылы қаланады. Мектепке күрделі жөндеу жұмыстары соңғы рет 2015-жылы жасалынған. Содан бері ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізіліп келген. Жобалық-сметалық құжатқа сай «Жылу Тепло Сервис» ЖШС мектептің күрделі жөндеу жұмыстарын жасап

Мектеп – парасат пен кемелдікке бастайтын қақпа. Мектеп – ертең мен бүгінді жалғайтын білім ошағы, сәулелі болашаққа апарар кеме. Елімізде қазіргі таңда есепсіз білім ордалары салынып, ұрпаққа жаңаша бағытта білім таратуға атсалысу үстінде. Осы орайда осы білім ошағының заман талабына сай, әдемі де жайлы болуы – шәкірттердің



жатыр. Мердігер қауырт жұмыс жүргізіп жатыр. Ең басты назарды жылу жүйесіне аудардық. Себебі, жылылық болған жерде жұмыс та жүретінін, шәкірттер үшін де ыңғайлы болатындығы сөзсіз. Солтүстік өңірде тұрғандықтан қатты қыс болатындығы сөзсіз. Сонымен қатар, сыныптарды толықтай жөндеп, шатыр және мектеп қабырғасын жаңа заман талабына сай қаптап жатқанын көрдік. Күрделі жөндеу жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп жатыр екен. Бәрі ойдағыдай болса уақытылы жұмыс аяқталып, жаңа оқу жылында оқушылар әдемі мектеп табалдырығын аттайды деп сенеміз. Қызу жұмыс барысын өз көзімізбен көріп, мектептің көркі ашыла бастағанына көзіміз жетті. Сапалы да уақытылы жұмыс жүргізіледі деп ойлаймыз.

саналы білім алуының кепілі десек артық айтқандық емес. Сол себепті облыс әкімінің 2023-жылғы Егіндікөл ауданына жұмыс сапары

Өз ақпарат

primeminister.kz

Роман Скляр провел совещание по реализации нацпроекта «Комфортная школа»

Ход реализации Национального проекта «Комфортная школа» рассмотрели на совещании в Правительстве под председательством первого заместителя Премьер-Министра Романа Скляра. По поручению Главы государства в стране реализуется Национальный проект «Комфортная школа», в рамках которого планируется построить 369 школ нового формата на 740 тысяч ученических мест до 2026 года. На сегодня ведется активная работа по 217 школам. Особое внимание при реализации нацпроекта уделяется функциональности и безопасности образовательной среды. Предусмотрены отдельные блоки для учащихся начальных и старших классов. Среди требований – повышение мер безопасности за счет внедрения современных технических средств, создание безбарьерной среды для детей с особыми образовательными потребностями и обеспечение школ современными предметными кабинетами. При возведении школ приоритет отдается отечественным товаропроизводителям. Доля материалов казахстанского производства в нацпроекте в среднем составляет 70%, в том числе строительных материалов до 90%. Мебельная продукция – исключительно отечественного производства. Как доложил председатель правления АО «Samruk-Kazyna Construction» Маулен Айманбетов, ввод первых объектов завершится раньше установленных сроков. Так, 21 комфортную школу откроют уже в августе, до начала учебного года. Далее, согласно плану, в течение сентября будет открыто 18 школ, в октябре еще 58 и до конца года – 112 школ. Помимо этого за счет различных источников в стране ведется строительство 85 школ, из них 8 школ уже введено в эксплуатацию и свыше 30 школ планируется построить до начала нового учебного года. Также были обсуждены организационные вопросы по реализации 2-го этапа нацпроекта. В частности было поручено в кратчайшие сроки приступить к проведению конкурсов по определению подрядных организаций для строительства 152 комфортных школ со сроком ввода в эксплуатацию до конца 2025 года. В ходе совещания Роман Скляр поручил уполномоченным госорганам и организациям обеспечить максимальное вовлечение отечественных производителей, жесткий контроль за качеством строительства и соблюдение установленных планов ввода в эксплуатацию.

2024-жылға жазылу жалғасуда

Біздің газетке жазылуды кез-келген «Қазпошта» АҚ бөлімшесінде рәсімдеуге болады. Басылымға жазылудың біржылдық бағасы - 3183 теңге, жартыжылға-1592 теңге. Газеттің шығу мерзімі - аптасына бір рет, дүйсенбі күндері. Газеттің электрондық нұсқасына жазылуды редакцияның бухгалтериясында рәсімдеуге болады. Сіз газеттің шығарылымын PDF форматында өзіңіздің электрондық поштаңыздың мекен-жайына газетті баспағанаға тапсыру кезінде ала-аласыз. Газеттің электрондық нұсқасына жазылымның бағасы -1000 теңге. Газеттің жартыжылдық жазылымын редакциядан алу (Победа көшесі,7) -1300 теңге. Жазылымның бұл нұсқасын Сіз редакцияның бухгалтериясында рәсімдей аласыз. Егер де сіз біздің газетке жазылып, ол сізге келмесе немесе барлық нөмірлері бірдей келмесе, осы факт туралы «Алтын астық» редакциясына: 2-13-69 телефоны бойынша хабарласуыңызды өтінеміз. Газет мемлекеттік және орыс тілдерінде жарық көреді. Сіз біздің газеттен өзіңізге қызықты әрі пайдалы мәліметтер аласыз, аудан жаңалықтарын білетін боласыз, өзіңіздің және әріптестеріңіздің фотосуреті мен материалдарын көре аласыз! Біздің газет Егіндікөл ауданының тыныс-тіршілігіне немқұрайлы қарамайтын барлық жандар үшін үлкен сүйіспеншілікпен шығарылады.

Республиканская акция «Дорога в школу» проходит ежегодно в целях оказания материальной помощи нуждающимся семьям в подготовке школьников к началу нового учебного года и полного охвата их адресной помощью



Республиканская акция «Дорога в школу» стартует с 1 августа - 30 сентября 2024года

Цель акции — оказание материальной и иной помощи обучающимся из числа малообеспеченных, многодетных семей, детей-сирот и детей,

оставшихся без попечения родителей в период подготовки к началу учебного года и предупреждения непосещения детьми школ по социальным причинам.

Каждый из нас может проявить гражданскую активность в оказании адресной помощи в подготовке в школу детей из социально-уязвимых слоёв населения, внимание и настоящую заботу каждому ребёнку, чтобы его дорога в школу была самой лучшей и счастливой!

Приглашаем всех стать активными участниками акции! Коллектив КГУ «ОШ №2» обращается ко всем неравнодушным жителям нашего села с предложением присоединиться к акции и внести посильный вклад в оказание помощи нуждающимся семьям и детям. **Всех желающих присоединиться к акции просим обращаться на телефон доверия КГУ «ОШ №2» 2-20-54**

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru

Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі. Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін	Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшық Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.
--	---	---	---	---	--